



ХҒТАР 16.21.33  
Ғылыми мақала

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2024-147-2-222-231>

## Қазақ қыз есімдері және бағалы зат атаулары

М.Е. Әділов 

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: [marlenadilov88@gmail.com](mailto:marlenadilov88@gmail.com))

**Аңдатпа.** Қазақ халқы өз қыздарын барлығынан асыл деп бағалаған, баға жетпес деп аялаған. Сондықтар нәзік жандарға «бағалы» мағынасындағы ең көркем есімдерді берген. Қазақ қыз есімдерінің негізі «асыл, баға жетпес, аса құнды, тым бағалы» деген ұғымдармен байланысты болатыны бірінші кезекте осыдан болуы керек. Қазақта қыз баланың қаншалықты «бағалы» екенін оларға ең құнды әрі қаржы-сауда тұрғысынан маңызы орасан зор зат атауларына қатысты есім қойғанынан да байқаймыз. Әсіресе, нәзік жандылардың арасында асыл тастардың, құнды пайдалы қазбалардың, сирек мата немесе жібек түрлері және таптырмас тері атауларына қатысты есімдердің едәуір жиі қойылатынын көреміз. Солардың ішінде Гауһар, Инжу, Алмасгүл, Алтын, Маржан, Меруерт, Күміс, Зарина, Зере, Лағыл, Фируза, Сапура, Зүбәржат, Мәрмара секілді есімдер бағалы қазба байлық немесе кенмен байланысты саналады. Жібек, Торғын, Торқа, Баршын, Барша, Мақпал, Масаты, Шұға, Қамқа, Қатипа, Қырмызы, Дүрия, Патсайы, Бәтес сияқты қыз аттары бағалы мата атауларына қатысты есімдер тобына кіреді. Кәмшат, Құндыз, Жанат, Үкіжан есімдерін тері немесе жануар аттарына байланысты есімдерге жатқызуға болады. Ақша-валюта атауларымен байланысты есімдерге Динара, Ділда, Манат, Ақтеңге/Теңгегүл аттарын жатқыза аламыз. Мақалада сауда-саттыққа қатысты заттар немесе бағалы зат атауларына байланысты есімдердің Қазақстанда және түркі тілдес елдерде қойылуы немесе таралуы бойынша қысқаша статистикалық деректер келтіріледі. Аталған есімдердің шығу төркіні көне түркі әрі қазіргі түркі тілдері деректері және көрші, туыстас емес тілдердің сөздіктерін пайдалану негізінде анықталады. Сондай-ақ ақша, тері, мата, метал, кен атауларына қатысты есімдердің тізімі жасалып, олардың этимологиясы ұсынылады.

**Түйін сөздер:** қазақ қыз есімдері, қаржы-экономикалық терминдер, тері атаулары, мата түрлері, жібек, алтын, ақша.

Түсті: 07.04.2024; Мақұлданды: 14.06.2024; Онлайн қолжетімді: 28.06.2024

## Кіріспе

Қазақ есімінің қандайын алса да түбі аса қымбат дегенді білдіреді немесе бағалы затқа теңеліп қойылады. Соған қарап бабаларымыз қыздарымызға ең құнды қазба байлық, ең бағалы материалдардың атымен байланысты есімдерді көп қойғандығы аңғарылады. Екінші жағынан, қыз балалар ер балаларға қарағанда тіл-көзден ада болады деген сеніммен оларға ең әдемі әрі нәзік есімдер қоюға тырысқан, соның ішінде бағалы зат атаулары да бар.

Қазақ қыздарының аттары көбінесе сауда-экономикалық маңызы бар атаулармен байланысты екені шындық. Сондықтан қыздарымыздың арасынан асыл тас, ақша, мата немесе жібек, тіпті тері атауларына қатысты есімдерді жиі кездестіруге болады. Оның бәрі «қыз баланың бір отбасы үшін аса қымбат» екенін білдіреді, екіншіден, сол асыл тастар секілді «таза, мөлдір, нағыз» болсын деген мән бар, үшіншіден «ешкімде жоқ сирек, таптырмас» деген мағынада, төртіншіден «асқан сұлу, ару» деп түсінуге болады, бесіншіден «өмірі байлыққа толсын, әрқашан қымбат әшекей тағып, жарқырап жайнап жүрсін» деген сеніммен қояды немесе жібек секілді «нәзік» болсын деп сол аттар таңдалады. Осы себептен қазақ қыз бала есімдерін қаржы-экономикалық тұрғыдан қымбат та бағалы заттарға қатысты бірнеше топқа бөліп қарастыратын боламыз.

## Зерттеу әдістері

Мақаламызда кейбір «ақша-валюта, тері, мақта-мата, жібек-мақпал, асыл тастар мен кен-метал атауларының» төркіні, түпкі мағынасы көне түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдері сөздіктері және туыс емес тілдер материалдары негізінде талданды. Лингвистикалық талдаулар жасалғанда негізінен тіл біліміндегі салыстырмалы-салғастырмалы, салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылды. Жекелеген атаулардың түбірі мен мағынасы ажыратылғанда морфемдік әрі семантикалық анализдерге жүгінілді. Араб-парсы, моңғол-қытай тілдерінің түсіндірме сөздіктерімен бірге қазіргі түркі тілдерінің жеке сөздіктері қарастырылды. Тақырып лингвистиканың этимология саласына тікелей байланысты болғандықтан орыс, қазақ және түркі тілдеріндегі этимологиялық әдебиеттер басшылыққа алынды. Зерттеу нысаны ретінде алынған сөздер жеке-жеке теріліп, оларға фонетикалық, морфологиялық тұрғыдан зерттеу жасалды. Ғалымдардың төл және кірме сөздерге байланысты ғылыми тұжырымдары жүйелеу, топтау, талдау, сипаттау әдістері негізінде көрсетілді.

## Нәтижелер мен талқылаулар

*Алтын (Алтынай, Алтынқыз, Алтынзер), Инжу, Күміс (Күмісжан, Ақкүміс), Моншақ (Ақмоншақ), Асылтас, Қазына, Гауһар, Зарина, Заре, Айзере, Зируза, Маржан, Меруерт, Лағыл, Фируза, Сапура, Алмасгүл, Зүбәржат, Мәрмара* секілді есімдер бағалы қазба байлық, кен мен асыл тастарға қатысты аттар тобына жатқызылады. Бір қызығы, қыз бала аттары ретінде осындай нәзік әрі қымбат табиғат байлықтары таңдалатын болса,

ұл балалардың есімі олардың жаратылысынан батыр болмысына орай *Темір, Болат, Шойынбек, Тастан, Тасбек, Сафуан, Құрышжан, Ақберен* болып қойылады. Бірақ кейде көбінесе қыз есімдері ретінде қойылатын асыл тастарға бек сөзі қосылып ер балаларға да қолданылады. *Гауһарбек, Алтынбек, Күмісбек, Алмасбек* есімдері сөзімізге дәлел болса керек.

*Алтын, Күміс, Асылтас, Моншақ, Инжу* есімдерінің төл сөздеріміз екендігіне дау жоқ. Десек те *алтын* сөзін жаңа шыққан «Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік»-те иран тілінің элементі деп келтіргені ойландырады: «Алтын (парсы: алтун *آلتون* – алтын) [1, 37].

*Алтын* сөзі көне ескерткіштерде *алтун* тұлғасында тіркелген: *Алтун, күмиш кергексиз келүрди* «Алтын күміс шексіз келетін» (Орхон ескерткіштері). Мақмұт Қашқаридың әйгілі «Диуани лұғатит түрк» атты жазба жәдігеріндегі мақал-мәтелдерде осы нұсқада тіркелген: *Бар бақыр, йоқ алтун* «Бар нәрсе бақырдай, жоқ зат алтындай көрінер (мақал)». *Күмүш күңе урса алтун аяқын келир* «Күмісті күнмен күптесе, алтын өз аяғымен келер (мақал)».

Ғалымдар *алтун* (алтын) сөзінің *қызыл* дегенді білдіретін *ал* сөзі мен «мыс, қола» мағынасындағы *тун* сөзінен жасалған деп тұжырымдайды. Дәлел ретінде қызыл ұғымының түркі тілдерінде «алтын» мағынасында қолданылатынын және *тун* (түрікше *тунч* «қола», чуваш т. *туй* «қола қазан») сөзінің «қола» мағынасында жұмсалатынын келтіреді [2, 142].

Көне түркі жазба мұраларында *алтун* деген тұлғада жазылғандай, Абайдың Мүрсейіт қолжазбаларында да тек осы көне формасында жазылғаны:

«*Алтун* көрсе феріште жолдан шығады дейді. Феріштеден садақа кеткір-ай, феріште *алтұнды* не қылсын, өзінің көрсеқызар сүмдүғұн қостағалы айтқаны» [3, 48].

Абайдың 1909 жылғы Петербор баспасынан шыққан алғашқы өлеңдер жинағында да «*алтұн*» дегендей көнеше тіркелген:

«Көңлім менің қараңғы / Бол, бол, ақын

*Алтұнды* домбыраңмен келші жақын» [4, 78].

Қазақ есімдері арасында кеңірек таралған *Зарина* мен *Зере* аттары парсы тіліндегі «алтын» дегенді білдіретін *зер* (*зергер* – сөзбе-сөз «алтыншы») сөзінен шыққан. Қазақ қыздары арасында *Айзере* деген нұсқасы соңғы кездері кеңінен тарала бастады. *Зер* сөзінің «алтын» мағынасы *Алтынзер* есімінде сақталған.

*Инжу* атауы сөздіктерде араб немесе парсы тілінен енген деп берілгенімен ол көне *йинчу/жинжү* (тіпті орыс тілінк *жемчуг* болып кірген) сөзі екені шүбәсіз, ал онымен мағына жағынан жақын *Меруерт, Маржан, Гауһар* аттары араб-парсыдан кірген элементтер саналады. Бұлар парсы тілінде *мәрварид, мәрджан* және *гоуһар* [5, 185] түрінде айтылады. Ал *жауһар* деген нұсқасы арабша болса керек. *Инжу* сөзі моңғолша *жинжүү* «інжу, моншақ», қытайша *zhēn-zhū*, мажар тілінде *gyöngy* болып сақталған. Тіпті қытайша сөздікте оның тюркизм екендігі жазылған [6, 193]. Осыған қарап *інжу* біздің сөздіктерде «парсы» деп көрсетілгендей, қалай ирандық сөз болады деген ой туады, негізінен керісінше түркіден парсыға өткен «берілген сөз» болса керек. Иран тілдеріндегі ортақ сөздердің барлығы парсынікі емес, көне түркі, тіпті прототүркі дәуірінде сол тілге өткен төл лексикамыз деп санаймыз. Ал біздің өңірлерде кездеспейтін атаулар

(аса бағалы емес метал аттарынан бөлек) оңтүстіктегі тілдерден алынғаны жасырын емес, өйткені олардың көбі солтүстіктегі түркі далаларында кездесе қоймайды, мәселен *фируза* (Феруза есімі) араб тілінде сәндеуге арналған көк тас, орыс тіліне түркілер арқылы *бирюза* боп кірген, Анадолыда *туркуаз* делінеді. *Зубаржат* та солай арабтікі, *зүмрүт* және парсыдағы *зүмерред*, орыс тіліне *изумруд* түрінде кірген. *Лағыл* араб-парсы тілінен «қызыл асыл тас» (рубин) дегенді білдіреді. Ал *Сафира* дегеніміз арабтағы *саффир* (орысшасы: *сапфир*) сөзінен шыққан. Осындағы кейбір праб-парсы сөздерінің төркіні жөнінде Л. Рүстемовтің сөздігі пайдаланылды [5, 124].

Осы есімдер жеке сөз болып Абай мен Шәкәрім шығармаларында да кездеседі.

*Абайда:*

Базарға, қарап тұрсам, әркім барар / Іздегені не болса, сол табылар.

Біреу астық алады, біреу *маржан* / Әркімге бірдей нәрсе бермес базар [7, 91].

Михрабым сен, бас ұрамын / Тіл жете алмас ғүзіріме

Жетпедім, не жасырамын / *Гауһарымның* қадіріне [7, 351].

Шәкәрімде:

«Ойдан *маржан*, *меруерт* төгілгенде / Отыра алар кім шыдап оны термей?

Дағды кылсаң, дап-дайын істің бәрі / Адамзат тұра алмайды әдетке ермей» [8, 54].

«*Гауһардай* көзі / Бұлбұлдай сөзі / Жаннан асқан бір пері» [8, 14].

***Сирек мата, қымбат жібек атауларымен байланысты есімдерге*** *Жібек, Торғын, Торқа, Баршын, Барша (Баршагүл), Шұға Мақпал, Масаты, Қамқа, Қатипа, Құлпыр, Қырмызы, Дүрия, Патсайы, Ақбәтес* сияқты қыз бала аттарын жатқыза аламыз. Сирек мата атауларының ішінде *баршын, барша, торғын, торқа, жібек* төл сөздері көне түркі жазба ескерткіштерінен бері кездеседі.

Мысалы, *барчын* «жібек мата»: Түрлүк чечек йазылды / Барчын йадым керилди / Учмақ йери көрүлди / Тумлуг йана келгүсүз [9, 574]. «Түрлі шешек ашылды, баршын кілем жайылды. Жұмақ жері көрінді, ызғар тағы келмейді». Ал қазақ тілінде *баршын* «жолақты жібек мата» атауы көбінде *Гүлбаршын* есімінде айтылады. *Барша* қымбат мата атауы да осы «*баршын*»-мен төркіндес сөз. Қазіргі кезде *барша* ұғымы *Айбарша, Баршагүл* аттарында сақталған.

*Торқа* және *Торғын* деп аталатын жібек түрлері – түбірлес сөздер, *торқа* – түркі тілдеріндегі нұсқасы болса, *торғын* – моңғолша варианты болса керек.

Диуани лұғатит түрк ескерткішінде *торқу* тұлғасында тіркелген:

*Торқу* «бағалы Қытай жібегі»: *Тауғач ханның ханның торқусы телім теңлемегип бычмас* «Қытай патшасының жібегі қанша көп болса да өлшеп кеседі (ысырап етпейді)» [9, 215].

Қазіргі түркі тілдерінде *торқу* жібектің бір түріне жатады, онда да қазақ тіліндегідей мақал-мәтел мен тұрақты тіркестер құрамында айтылады:

Башқұрт т. *Туйға барһаң, туйып баа, турқа туның кейип бар* «Тойға барсаң, тойып бар, торқа тоның киіп бар»; ноғай т. *Тоғыз қабат торқадан, тоқлышақтың териси артық* «Тоғыз қабат торқадан тоқтышақтың терісі артық»; қырғыз т. *Топурағы торко, жатқан жери жайлуу болсун* «Топырағы торқа болсын»; хакас т. *Жатхан чириң чағлығ ползын, чабынғаның торғы ползын* (тілек) «Жатқан жерің майдай жұмсақ болсын, жамылғаның торқа болсын».

Құмық тілінде *торқа* сөзі «ерке» мағынасына ауысса, ноғай тілінде *торқам* дегендей біздегі «айналайын» мәніне ие болды.

Моңғол тілдерінде біздегі *торқа* сөзі *торған/торгон* нұсқаларында айтылады [2, 174]. Соған қарағанда қазақ тіліндегі *торғын* формасы *торқа* сөзінің моңғолша нұсқасы болуы ғажап емес. Қазақ говорларында *торғын-торқа* қос сөзі болып қолданылуы, екеуінің бір түбірден өрбіген вариант сөздер екенінің дәлелі бола алады. Қыз есімдеріне келсек *Торқа* атына қарағанда *Торғын* есімі көбірек қойылады.

Абай мен Шәкәрім шығармаларында *торғын* сөзі жиі кездеседі:

Сөйлесе, сөзі әдепті әм мағналы / Күлкісі бейне бұлбұл құс сайрайды.

Жүп-жұмыр, ақ *торғындай* мойыны бар / Үлбіреген тамағын күн шалмайды [7, 70].

Мәжнүнді талып жатқан тұрды күтіп / Бетіне *торғын* шәлін жаба салып.

Тұра алмай ашық жары қалды есі ауып / Ләйләні даяшы қыз алған тауып [8, 386].

Вамбери, Ряснен, Лигети бастаған ғалымдар тарапынан түбі *жіп* сөзінен шыққан деп тұжырымдалған [2, 270] *жібек* сөзі ортағасыр жазба мұраларында *йипак/ипек* нұсқаларында кездеседі:

Қазіргі түркі тілдерінде *жібек* сөзі барлығында дерлік қолданылады бірақ екі түрлі варианттарында жұмсалады, мысалы: қарайым, өзбек, ұйғыр, гагауз, түрік, әзербайжан тілдерінде сөз басындағы «й» түсіп *ипек* болып айтылса, құмық, түрікмен тілдерінде *йибек/йүпек* болып, сөз басында «й» сақталған, татар мен башқұрт тілдерінде де сөз басындағы дауыссыз дыбыс түскен: *ефәк* және *ебәк*; кейбір қыпшақ тілдерінде сөз басындағы «ж» дауыссызы жазылады: қарашай-балқар т. *жибек*; қарақалпақ т. *жипек*; қырғыз т. *джибек*, тіпті мақалда айтылады: *Джибектеи туталбаған джүн қылат, қатынды күте албаған күң қылат* «Жібекті тұталмаған жүн қылат, қатынды күте алмаған күң етеді».

Алтай және хакас тілдерінде болса *дибек/чібек* деген сол тілдерге тән фонетикалық нұсқаларында жазылса да «арқан, жіп» деген семасына ауысқан.

Абай қолжазбаларында *жібек* сөзінің көнеше *йіфек* деп жазылғаны назар аудартады, қазіргі басылымдарда:

Қолаң қара шашы бар *жібек* талды / *Торғындай* толқындырып көз таңдайды [7, 70].

Мүрсейіт қолжазбасында:

Қолаң қара шашы бар *йіфек* талды / *Торғұндай* толқындырып көз таңдайды [10, 159].

Қазіргі жинақтарда:

Тал *жібектей* оралып / Гүл шыбықтай бұралып [7, 155].

Қолжазбада:

Тал *йіфектей* оралып / Гүл чыбықтай бұралып [10, 163].

Тіпті Мүрсейіт қолжазбасында *жүфек* деген вариантында да келеді:

Қырмызы, қызыл *жүфек* бозбалалар / Оңғақ болса бұлғайды, бір дем тисе [10, 123].

Есімдердің біразы көне, сондықтан қазіргі кезде қыз есімі ретінде қойыла бермейді. Солардың ішінде *Дүрия, Қамқа, Қатипа, Құлпы, Қырмызы, Патсайы* [11, 64] есімдері жібек түрлерімен байланысты болса, *Мақпал, Манат, Сәтен Шұға* аттары құнды барқыт, бағалы мата атауларына қатысты болса керек.

Соңғы аталған аттар кірме сөздер сөздіктерінде тіркелген, мәселен Л.Рүстемовтің еңбегінде *қамқа* парсы тілінде *кәмха*, *қатипа* арабша *катифә* деп берілген [5, 161]. Түрік тілінде де *Kadife, Dürüye* әйел есімі ретінде қойылады. *Сәтен* есімін француз тіліндегі

*сатин* ұғымымен байланыстырады, бірақ оңтүстік Қытайдағы Цейтуң қала атымен байланыстылығын жоққа шығаруға болмайды.

Кірме сөз саналатын мата атаулары оғыз және қарлұқ тілдерінде түпнұсқа тілге жақын тұлғада жазылады: *кемха, чуха, кадифе, сатен, махмал*, т.б. Аталған есімдер жеке сөз ретінде Абай шығармаларында ұшырасады:

Самородный сары алтын / Саудасыз берсең, алмайды / Саудыраған жезіне  
Саудырсыз сары қамқаны / Садаға кеткір сұрайды / Самарқанның бөзіне [7, 90].

*Шұға* сөзі Абайдың кітаби тілде жазылған өлеңінде парсы тіліндегі нұсқаға жақын түрінде жазылған:

Қашың, қудрәт қоли *шигә* / Өзәң гузәлләра раһбар [7, 58].

*Құндыз, Кәмшат, Жанат* аттары бағалы тері атауларына қатысты есімдерге жатады. Бұлар – сырт киім үстіне сұлулық, байлықты көрсету үшін жалғанған қымбат материалдар. Қымбат, таптырмас дүниелер болғандықтан, оларды қыз есімдеріне қосады. Есімдердің барлығы соңында аса қымбатты деген мағына береді. Өйткені есімдерде Кәмшат немесе Құндыз жануарын бағалап тұрған жоқ, оның терісінен жасалған киім түрлерінің құнды әрі әдемілігіне қарап қыз есімі қойылған. *Құндыз* және *Кәмшат* есімдері қазақтың төл сөздеріне жатады. *Құндыз* жануар атауы ретінде көне түркі жазба ескерткіштерінде кездеседі, мысалы, *құндыз қайыры* сөз тіркесі «құндыздан жасалатын дәрі» мағынасымен тіркелген. Қашқаридың Диуани лұғатит түрк атты құнды жәдігерінде *құндыз* сөзіне «өзен иті» деген аударма берілген. *Құндыз* сөзі «берік, мықты» мағынасындағы *құнт* (қазақ тілінде – *құнттау*) [2, 146] сөзінен шыққан.

*Кәмшат* есімінің айтылуы кірме сөз секілді болып көрінгенмен, ол түбі түркі *қама* сөзінен өрбіген. Түркі тілдерінде құндыз тектес жануарды *қама* деп айтады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *қама* «кәмшат», ал Аймақтық сөздікте «құндыз бөрік» деп тіркелген. Осыдан келіп *Қамажай* аты да осымен байланысты ма деген ой келеді.

*Құндыз* – «Марқабай ұнатқан қыз», *Кәмшат* – «Айғыздың қызы, Абайдың қарындасы» есімдері «Абай жолы» романында да кездеседі. Ал жеке сөз ретінде Абай өлеңінде қолданылған:

«Білектей арқасында өрген бұрым / Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын.

*Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты / Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін*» [7, 156].

***Ақша атауларына қатысты есімдерге Динара мен Ділдә*** аттары жатады. *Динара* есіміне келсек, ол «алтын ақша, қымбат алтын тиын» мағынасындағы араб тіліндегі *динар* валюта атауынан келген. *Динар* қазіргі кезде араб елдерінің біразында ресми валюта атауы ретінде қолданылады. Шығыс Европадағы елдерді қосқанда жиырма шақты мемлекеттің ресми ақшасы динар болған. Қазіргі күні он мемлекет динар атауын ресми валюта ретінде таниды. Орта Азиядағы түркі тайпалары ислам дінін мемлекеттік дін ретінде қабылдағаннан кейін ақша айналымындағы «алтын тиындар» *динар* деген арабша атауға ие бола бастады. Ал «күмістен соғылған тиынды» *дирхам* деп атап кетті. Бір *динар* он *дирхамға* тең болған деген дерек қолымызда бар. Ерте орта ғасырда *динар* атауы ең бағалы валюта ретінде қолданылғаны *Бахалығ динар ол билиглиг киши* «Білімді кісі – бағалы динар» деген мақалдан аңғарылады (ДТС 160).

*Ділде* аты да бұрынғы *ділде* деген «алтын ақша» түрінен шыққан. Қазіргі күні бұл есім Динара аты секілді танымал болмаса да сирек қолданылмайды. Ұлы ақын Абай бәйбішесінің аты *Ділде* болғанының өзі көп нәрсені аңғартады.

Негізі *ділде* бұрын парсы тілінде «бес күміске тең алтын жалатылған тиын» дегендей ресми валюта болған. Қазақ қызының *Ділде* есімі осы иран тіліндегі «алтын ақша, алтын» мағынасынан шыққан. Қыз бала есімінен бөлек *Ділдебек*, *Ділдебай*, *Қабділде*, *Ділдехан*, *Әбділде* тәрізді кісі есімдерінің құрамында айтыла береді.

*Ділде* еді Бақанастың бәйбішесі / Көп болған ұлы, қызы, немересі.

Қызықты қыз да болса ерке болған / Баланың Қазбала еді ең кенжесі [8, 437].

Қазақ әдеби тілі сөздігінде оны иран тілінен кірген деп көрсеткен: *ділда* [ир.] (көне) «құны бес теңгелік алтын ақша; алтын, күміс ақша». Қырғыз тілі сөздігінің авторы Юдахин да оны ферсизм ретінде көрсеткен. Оңдасынов та *Ділде* есімін парсы тіліндегі «алтын» мағынасындағы *тила* сөзімен байланыстырған [12, 328]. Бірақ бұл сөздің алғашқы мағынасы араб тілінде *طلاء тилаа* «күмісті жалатуға арналған сұйық алтын» болған. Өзбек тілінде де *тилла* сөзі бастапқы мағынасына жақын, мысалы: *тилла тиш* «алтын жалатылған тіс»; *тилла суви* «алтын бояу». Сондай-ақ жалпы алтынды *тилла* деп айтады. Түркі тілдерінің біразында «алтын жалатылған күміс тиын» деген мағынада қолданылып, кейінірек «алтын ақша» немесе «алтын» деген мағынаға ауысқан:

Қарақалпақ тілінде *тилла* (арх.) «алтын; алтын ақша»; *тиллайы* «алтын тиын»; қырғызша *дилде* (ист.) «бес сом құнындағы алтын ақша; алтын»: *сары дилде ак күмүш* «сары алтын, ақ күміс». Ұйғыр тілінде *тилла* «алтын ақша»; түрікменше *тылла* «алтын»: *тылла йүзүк* «алтын сақина»; *тылла пул* «алтын ақша»; *тылла ағтарыжылар* «алтын іздеушілер»; *Тылла* «қыз есімі».

*Ділде* атауы қазақ тілінде «үлде мен бүлдеге орап, баптап күтті» мәніндегі *төбесінен ділде құйды* тұрақты тіркесінде айтылады. «Сансыз ақша» мағынасында *мың ділда* немесе *мың ділдалық* деген тіркес түрінде де қолданылады.

*Ділде* сөзінің қазақ тілінде ертерек кезеңдерден бері қолданылып жүргенін Абай мен Шәкәрім өлеңдерінде кездесетінінен аңғарамыз:

Сен мына бір ішінде / *Ділде*сі бар дорбаны ал

Бірін алсаң және бір / *Ділде* дайын, қолың сал [7, 393].

Осы сөз қолжазбада тіллә деп тіркелген:

Сен мына бір ішінде / *Тіллесі* бар дорбаны ал!

Бірін алсаң және бір / *Тіллә* дайын, қолың сал [10, 245].

Ел жалынды ата мен анасына / «Көп мал ал» деп баланың бағасына».

Жүз мың *ділде* алды да, кедей сатты / «Шыдадым» деп баланың қазасына» [8, 165].

## Қорытынды

Бабаларымыз қыздарын ең қымбат асыл заттан да жоғары бағалаған, аялаған. Сондықтан өз қыздарына олар қымбат дүниеге байланысты ең әдемі есімдерді қоюға асыққан. Қыздың бір отбасы үшін қаншалықты бағалы екенін аяулы қыздарына ең қымбат ақша атауы, бағалы кен, нәзік жібек, аса бағалы асыл тас, сирек мата атауларымен байланысты аттар қойғанынан да аңғарылады. Мәселен, қыздар арасында алтын монетамен байланысты аттар кездескенмен күміс монета атаулары «дирхам, теңге» дегендер кездеспейтіні бекер емес. Сол сияқты Гауһар, Меруерт секілді ең қымбат

асыл тастармен атаған, бірақ басқа арзан металдар есім ретінде қойылмаған. Ондай жиі кездесетін материалды батырлық символы ретінде Темір, Темірлан, Болат сияқты ұлдарға қарата қойған. Мата атауларына да келгенде «Мақпал»-дай табылуы қиын әрі өте әдемі және қымбат материалдарға байланысты есімдер көп кездесіп жатса, шыт, сиса, бөз секілді арзан әрі жиі кездесетін басқа маталар түріне қатысты есімдер қойылмайды. Осының барлығы шүбәсіз қазақ халқының қыз баланы қаншалықты бағалайтынына дәлел бола алады.

## Қаржыландыру

Мақала AP13268734 «Абай және Шәкәрім тіліндегі көнерген сөздердің семантикасы және түп-негізі» атты ғылыми жоба аясында жазылды.

## Әдебиеттер тізімі

1. Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2017. – 658 б.
2. Севортян Э. Этимологический словарь тюркских языков. – Москва: Наука. – 1974. – 769 б.
3. Петек Е. Абай Құнанбайұлы Ғақлия кітабы. – Алматы: Ұлағат, 2020. – 295 б.
4. Құнанбайұлы А. Абай Петербург баспасы. – Санкт-Петербург: Восточная печать, 1909. – 110 б.
5. Рүстемов Л. Казахско-Русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов. – Алматы: Мектеп, 1989. – 321 б.
6. İnayet A. Türkçede Çince Kaynaklı Gösterilen Bazı Kelimeler Üzerine // Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi. – 1999. – №7. – S. 193-204.
7. Құнанбайұлы А. Абай шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1961. – 694 б.
8. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары. – Астана: Фолиант, 2018 – 472 б.
9. Ergilasun A.B., Akkoyunlu Z. Divanu Lügatit Türk. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. – 2015. – 995 s.
10. Петек Е. Абай өлеңдерінің қолжазбасы. – Алматы: Ұлағат, 2023. – 400 б.
11. Игиликова С., Малбақов М. Қазақ тілі тарихындағы мата атаулары туралы // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2019. – №5. – Б. 163-168.
12. Оңдасынов Н. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Қазақстан. – 1974. – 384 б.
13. Alan S. Çağatay Türkçesi Dönemi Eserlerinde Değerli Taşlar // Türk Dili ve Edebiyatı Dergisi. – 2023. – № 63. – S. 37-60.
14. Bayekeyeva A., Tazhibayeva S. Kazakh anthroponyms derived from metal and mineral terms // Turkic Languages. – 2021. – № 25. – P. 26-40.

## References

1. Mamyrbekova G. Kazak tilindegi arab, parsy sozderinin tusindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of Arabic and Persian words in the Kazakh language] (State Institute of Language Development, Almaty, 2017, 658 p.) [in Kazakh].
2. Sevortyan E. Etimologicheskii slovar' tyurkskih yazykov [Etymological dictionary of Turkic languages] (Nauka, Moscow) [in Russian].



3. Petek E. Abai Kunanbaiuly – Gakliya kitaby [Abay Kunanbayuly – Book of Gaklia] (Ulagat, Almaty, 2020, 295 p.) [in Kazakh].
4. Kunanbaiuly A. Abai olenderi [Abay's poems] (Vostochnaya pechat, Sankt-Peterburg, 1909, 110 p.) [in Kazakh].
5. Rustemov L. Kazahsko-Russki tolkovyi slovar' Arabsko-Iranskih zaimstvovannyh slov [Kazakh-Russian explanatory dictionary of Arabic-Iranian loanwords] (Mektep, Almaty, 1989, 321 p.) [in Russian].
6. İneyet A. Türkçede Çince Kaynaklı Gösterilen Bazı Kelimeler Üzerine [Turkish Chinese On Some of the Words That are Shown to Be Derived from Chinese] Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi [Turkish World Language and Literature Journal], №7, 193-204 (1999) [in Turkish].
7. Kunanbaiuly A. Abai shygarmalarynyn bir tomdyk tolyk zhinagy [A complete one-volume collection of Abai's works] (Korkem adebiyet, Almaty, 1961, 694 p.) [in Kazakh].
8. Kudaiberdiuly Sh. Shygarmalary [Works] (Foliant, Astana, 2018, 472 p.) [in Kazakh].
9. Ercilasun A.B., Akkoyunlu Z. Divanu Lügatit Türk [Divanu Lugat it Turk] (Türk Dil Kurumu Yayınları, Ankara, 2015, 995 p.) [in Turkish].
10. Petek E. Abai olenderinin kolzhazbasy [Manuscript of Abay's poems] (Ulagat, Almaty, 2023, 400 p.) [in Kazakh].
11. Igilikova S., Malbakov M. Kazak tili tarihyndagy mata ataulary turaly [About fabric names in the history of the Kazakh language] Kazakstannyn gylmy men omiri [Science and life of Kazakhstan], №5, 163-168 (2019) [in Kazakh].
12. Ondasynov N. Parsysha-Kazaksha tusindirme sozdik [Persian-Kazakh Explanatory Dictionary] (Kazakstan, Almaty, 1974, 384 p.) [in Kazakh].
13. Alan S. Çağatay Türkçesi Dönemi Eserlerinde Değerli Taşlar [Precious Stones in the Works of the Chagatai Period] Türk Dili ve Edebiyatı Dergisi [Turkish Language and Literature Journal], №63, 37-60 (2023) [in Turkish].
14. Bayekeyeva A., Tazhibayeva S. Kazakh anthroponyms derived from metal and mineral terms, Turkic Languages, №25, 26-40 (2021).

#### М.Е. АДИЛОВ

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

#### Казахские женские имена и наименования ценных вещей

**Аннотация.** Тюркские народы ценили своих дочерей как самых дорогих, бережно относились к ним. Для этого они пытались дать им самые красивые имена. Отсюда следует, что происхождение тюркских красивых имен связано со словами «дорого, ценно». Насколько ценна девушка в тюркском мире, мы видим в связи с названиями предметов, которые им наиболее дороги и имеют торгово-экономическое значение. В частности, среди казахских девушек можно заметить, что имена, связанные с драгоценными камнями или металлами, редкими тканями и шелком, а также драгоценными названиями мех которые очень важны в финансовом мире кочевников. Например такие имена как Алтын, Күміс, Гауһар, Зарина, Зере, Інжу, Маржан, Меруерт, Лағыл, Фируза, Сапура, Алмасгүл, Зүбәржат, Мәрмара относятся к именам, связанным с дорогими тканями. Құндыз, Кәмшат, Жанат, Үкіжан включены в имена, связанные с меховыми изделиями. К именам, относящимся к названиям денег, можно отнести имена Динара, Манат, Ділдә, Ақтеңге/Теңгегүл. В статье приводится статистика о распространении имен, относящихся

к наименованиям предметов или ценных вещей, имеющих торгово-экономическое значение, в Казахстане и тюркоязычных странах. Происхождение названных имен определяется данными древнетюркских и современных тюркских языков, также с использованием словарей соседних языков. В том числе будет составлен список имен, относящихся к названиям денег, мех, ткани, металла, и представлена их этимология.

**Ключевые слова:** женские имена, тюркские народы, торговля-экономика, драгоценный, мех, металл, ткань, шелк, драгоценные камни, деньги.

**М.Е. Adilov**

*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

### **Kazakh women's names and names of valuable things**

**Abstract.** Turks value their daughters and take care to give them the most beautiful name. For this reason, they tried to give them names related to the names of valuable items. Especially among Kazakh girls, we often see names related to the most precious stones, precious metals, rare types of fabric or silk, expensive leather Decals. For example, Kazakh women's names such as Altyn, Altyngul, Altynay, Kumis, Kumisay, Kumiszhan, Inzhu, Monshak, Asyltas, Gaukhar, Zarina, Altynzer, Zere, Ayzere, Marzhan, Meruyert, Lagyl, Firuza, Sapura, Almasgul, Zubarzhat, Marmara are names related to precious stones and precious metals. The names of rare fabrics and names related to expensive types of silk will include names such as Jibek, Makpal, Masaty, Torgyn, Torka, Shuga, Kamka, Barshyn, Barsha, Katipa, Kyrmyzy, Duria, Patsayi, Bates. On the other hand, the names often used by Kazakhs are Kundyz, Kamshat, Jannat, Ukizhan, we believe that they are associated with expensive names made of leather and rare bird feathers. Among the names that we will consider, there are female names associated with monetary names. For example, the female names Dinara, Dilda, Manat were formed from words meaning money and gold coins. This article will provide statistics on the spread or spread of such female names in Kazakhstan and in Turkic-speaking countries. Nevertheless, an attempt will be made to find the origin of the names mentioned, using dictionaries of historical or living Turkic languages and neighboring languages.

**Keywords:** female names, Turkic peoples, trade-economy, precious, fur, metal, fabric, silk, precious stones, money.

#### **Автор туралы мәлімет:**

**Әділов М.Е.** – PhD, Немат Келімбетов атындағы Түркітану орталығының жетекші ғылыми қызметкері, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.

**Adilov M.E.** – PhD, Chief Researcher of Turkological center named after Nemat Kelimbetov, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).